

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 15 мамырдағы N 593 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) **Күші жойылды - ҚР Президентінің 2010.02.01 № 922 Жарлығымен.**

2) "Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1677 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 41, 569-құжат; 2006 ж., N 5, 39-құжат):

3-тармақтағы "Отбасы істері және гендерлік" деген сөздер "Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия жыл сайын 15 ақпанға Стратегияның іске асырылу барысы туралы Мемлекет басшысын хабардар етіп отырсын." ;

5-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

3) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 ақпандағы N 56 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 5, 39-құжат; 2007 ж., N 12, 135-құжат):

Жарлықтың атауындағы және 1-2-тармақтарындағы "Отбасы істері және гендерлік", 3-тармақтың 1) тармақшасындағы және 4-тармақтағы "отбасы істері және гендерлік" деген сөздер тиісінше "Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық", "әйелдер істері және отбасылық-демографиялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия туралы е р е ж е д е :

атауында және 1-тармақта "Отбасы істері және гендерлік" деген сөздер "Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

3) т а р м а қ ш а д а :

"гендерлік теңдіктің жай-күйі" деген сөздер "әйелдердің жағдайы мен отбасылық-демографиялық ахуал" деген сөздермен ауыстырылсын;

"гендерлік" деген сөзден кейін "және отбасылық-демографиялық" деген сөздермен толықтырылсын ;

4) т а р м а қ ш а д а :

екінші және төртінші абзацтардағы "гендерлік теңдікке", сегізінші абзацтағы "гендерлік теңдіктің" деген сөздер тиісінше "әйелдер мен ерлер мүмкіндіктері теңдігіне" , "әйелдер мен ерлер мүмкіндіктері теңдігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

б е с і н ш і а б з а ц т а :

"ерлердің, әйелдер мен балалардың" деген сөздер "халықтың" деген сөзбен ауыстырылсын ;

сегізінші абзацтағы "жәрдемдесу" деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын :

"демографиялық жағдайды жақсартуға жәрдемдесу;" ;

8) тармақшадағы "гендерлік теңдіктің" деген сөздер "жыныстар теңдігінің" деген сөздермен ауыстырылсын ;

9) және 12) тармақшалардағы "отбасы және гендерлік теңдік" деген сөздер "әйелдер , отбасы және демография" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақшадағы "гендерлік теңдік" деген сөздер "әйелдер" деген сөзбен ауыстырылсын ;

4 - т а р м а қ т а :

3) және 4) тармақшалардағы "отбасы және гендерлік теңдік" деген сөздер " жыныстар теңдігі, отбасы және демография" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы "және бақылауға" деген сөздер алып тасталсын;

7) тармақшадағы "және бекітуге" деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақтағы "отбасы және гендерлік теңдік" деген сөздер "жыныстар теңдігі, отбасы және демография" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Сараптамалық-талдамалық зерттеулер жүргізу үшін Комиссия жанынан ғылыми мекемелер, білім беру ұйымдары және үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінен қоғамдық негізде жұмыс істейтін сараптамалық кеңес құрылады.

Сараптамалық кеңестің құрамы Комиссияның отырысында бекітіледі." ;

1 2 - т а р м а қ т а :

4) тармақшадағы "оның тапсырмасы бойынша отырыстарға Комиссия мүшелерінің бірі" деген сөздер "отырыстарға Комиссия хатшысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Комиссия төрағасы болмағанда Комиссияның қызмет құжаттарына,

ұсынымдары мен қорытындыларына оның хатшысы қол қояды.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Комиссия қызметін ақпараттық-талдау және ұйымдық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесіне кіретін Комиссия хатшылығы жүзеге асырады.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссияның құрамы осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4) **Күші жойылды - ҚР Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.**

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бір ай мерзім ішінде Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері жанындағы отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі комиссия туралы үлгі ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізісін;

2) осы Жарлықты іске асыру жөніндегі өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері әкімдер жанындағы отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі комиссиялар туралы ережелерге тиісінше өзгерістер мен толықтырулар енгізісін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 8 ж ы л ғ ы 1 5 м а м ы р д а ғ ы

№ 5 9 3 Ж а р л ы ғ ы н а

ҚОСЫМША

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 1 а қ п а н д а ғ ы

№ 5 6 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат
жөніндегі ұлттық комиссияның
ҚҰРАМЫ**

Әбдіқалықова

- Қазақстан Республикасы

Гүлшара Наушақызы

Президентінің кеңесшісі, төрайым

Байқадамов - Қазақстан Республикасы
Болат Кенжекешұлы Президентінің Әкімшілігі Ішкі
саясат бөлімінің сектор
меңгерушісі, Комиссияның хатшысы

Байқошқарова - "Экомед" ЭКО клиникасының басшысы
Салтанат Берденқызы (келісім бойынша)

Башмаков - Қазақстан Республикасы Парламенті
Анатолий Афанасьевич Сенатының депутаты
(келісім бойынша)

Даржұманова - "Серіктестік орталығы" қоғамдық
Гүлнар Қанатқызы бірлестігінің директоры
(келісім бойынша)

Дерновой - Қазақстан Республикасының
Анатолий Григорьевич Денсаулық сақтау министрі

Жүкенов - Қазақстан Республикасы
Жұмажан Қамкөнұлы Білім және ғылым министрлігінің
Балалар құқығын қорғау комитетінің
төрағасы

Ықсанова - "Хабар" агенттігі" акционерлік
Гүлнар Мұстахимқызы қоғамының бас директоры
(келісім бойынша)

Клебанова - Қазақстан Республикасы Парламенті
Дарья Владимировна Мәжілісінің депутаты
(келісім бойынша)

Құрманбаева - М. Әуезов атындағы Семей
Шырын Асылханқызы мемлекеттік университетінің
президенті (келісім бойынша)

Мұсақожаева - Қазақ ұлттық музыка академиясының
Айман Қожабекқызы ректоры (келісім бойынша)

Мусина - Халықаралық бизнес орталығының
Зинадбану Мұқанқызы директоры (келісім бойынша)

Мұстафина - Астана қаласы Сарыарқа ауданының
Сәбила Сапарқызы әкімі

Назарбаева - Қазақстан Республикасының
Сара Алпысқызы Бірінші Ханымы

Новодворская - Балалар және жастар ұйымдары
Наталия Борисовна қауымдастығының төрайымы
(келісім бойынша)

- Рысбекова - "Арман" жеке мектеп-гимназиясының
 Ардақ Қалымбекқызы бас директоры (келісім бойынша)
- Соловьева - Қазақстан Республикасы Парламенті
 Айгүл Сағадибекқызы Мәжілісінің депутаты, Қазақстан
 Азаматтық альянсінің президенті
 (келісім бойынша)
- Солтиева - "Егемен Қазақстан" республикалық
 Жұмагүл Қуанышбекқызы газеті" АҚ бас редакторының
 орынбасары (келісім бойынша)
- Судьин - Қазақстан Республикасы Парламенті
 Александр Сергеевич Сенаты Төрағасының орынбасары
 (келісім бойынша)
- Сыздықова - "Деловой мир Астана" ЖШС
 Шолпан Викторқызы директоры, "Деловой мир"
 казакстандық экономикалық
 журналының бас редакторы
 (келісім бойынша)
- Тарасенко - Қазақстан Республикасы Парламенті
 Елена Ивановна Мәжілісінің депутаты (келісім
 бойынша)
- Тұтқышев - Қазақстан Республикасы Парламенті
 Бексұлтан Серікбайұлы Сенатының депутаты (келісім
 бойынша)
- Унжакова - "Status" әйелдер федерациясының
 Ирина Сергеевна президенті (келісім бойынша)
- Хайруллина - "Шығармашылық бастамашы әйелдер
 Әсия Үкіқызы лигасы" қоғамдық бірлестігі
 басқармасының төрайымы
 (келісім бойынша)
- Шаукенова - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
 Зарема Қаукенқызы университеті философия және
 саясаттану факультетінің деканы
 (келісім бойынша)
- Шоқаманов - Қазақстан Республикасы Статистика
 Юрий Камирұлы агенттігінің жауапты хатшысы